



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ БАСПАСӨЗ РЕЛИЗДЕРІН ТАЛДАУ

Ақша-кредит саясаты департаменті

№2024-11 экономикалық зерттеу

Мейрманова А.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеулер нәтижесін, сондай-ақ ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарын таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталастарды ынталандыру үшін қолданылады. Мақалада берілген пікірлер мен уәждер автордың пікірін білдіреді және ҚРҰБ немесе оның басшылығының көзқарастарын білдіретін ретінде қабылданбауы тиіс.

Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерін талдау

2024 жылғы желтоқсан

NBRK – WP – 2024 – 11

© Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2024. Барлық құқықтар сақталған. Бір параграфтан аспайтын қысқаша үзінділер дереккөзге сілтеме болған жағдайда автордың рұқсатынсыз келтірілуі мүмкін.

ISSN: 2789-150X

Банкінің баспасөз релиздерін талдау

Мейрманова А.¹

Аннотация

Зерттеу 2015 жылдан 2023 жылға дейінгі Қазақстан Ұлттық Банкінің (ҚРҰБ) баспасөз релиздерін талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты – мәтіндердің мазмұны, көлемі және оқуға қолайлылығы бойынша өзгерістерді анықтау, сондай-ақ ҚРҰБ коммуникациялық саясатындағы басымдықтарды талдау. Жұмыс инфляциялық таргеттеу режимін енгізген сәттен бастап қамтиды және ҚРҰБ валюта бағамының ауытқуы, COVID-19 пандемиясы және геосаяси тұрақсыздық сияқты маңызды экономикалық оқиғаларға реакциясын қарастырады.

Баспасөз релиздерін талдау барысында «мұнай», «фискалдық импульс» және «валюта» сияқты екінші деңгейлі негізгі терминдердің қолданылу жиілігі бағаланды. Бұл банк коммуникациясындағы басымдықтардың әр жылдары қалай өзгергенін қадағалауға мүмкіндік берді. Жұмыстың маңызды бөлігі – Флеш және Флеш-Кинкейд индекстерін пайдалана отырып, баспасөз релиздерінің оқуға қолайлылығын зерттеу болып табылады. Бұл экономикалық жағдайларға байланысты мәтіндердің күрделілігінің қалай өзгергенін бағалауға мүмкіндік береді. Ең жоғары детализация мен мәтіндердің күрделенуі 2020–2021 жылдары байқалды, бұл пандемия мен мұнай нарығындағы тұрақсыздық сияқты жаһандық сын-қатерлерге жауап болды. 2022 жылдан бастап, керісінше, мәтіндердің көлемін қысқарту мен қарапайымдандыру үрдісі байқалды, бұл ақпаратты кең аудиторияға қолжетімді етуді көздеуі мүмкін екендігін көрсетеді.

Зерттеу уақыт өте келе ҚРҰБ коммуникациялық стратегиясының ішкі және сыртқы сын-қатерлерге бейімделу арқылы қалай өзгергенін көрсетеді.

Негізгі сөздер: Қазақстан Ұлттық Банкі, ақша-кредит саясаты, баспасөз релиздері, коммуникациялық саясат, инфляциялық таргеттеу, оқуға қолайлылық, ашықтық, ақша-кредит саясаты.

JEL сыныптау: E58, D83, C80

¹ Мейрманова Асель – бас маман-талтаушы, монетарлық талдау басқармасы, Ақша-кредит саясаты департаменті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.
E-mail: Asel.Meirmanova@nationalbank.kz

Мазмұны

1. Кіріспе	5
2. Әдебиеттерге шолу	6
3. Баспасөз релиздерінің мазмұны мен басымдықтарының өзгерістерін талдау.....	7
4. Баспасөз релиздерінің көлемін талдау.....	12
5. Баспасөз релиздері мәтіндерінің оқуға қолайлылығы	14
6. Қорытынды	18
7. Әдебиет тізімі	21

1. Кіріспе

Орталық банктердің коммуникациялық саясаты, әсіресе инфляциялық таргеттеу режимінде, ақша-кредит саясатын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Коммуникацияның тиімділігі орталық банктердің қаржы нарығымен, қоғаммен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу параметрлеріне тікелей байланысты болып, олардың болашақ инфляцияға қатысты күтулерін қалыптастырады. Ғаламдану және қаржы нарықтарының үнемі дамуы дәуірінде орталық банктің коммуникациялық саясаты шеңберіндегі ашықтық пен болжамдылықтың маңыздылығы аса маңызды рөлге ие.

Инфляциялық таргеттеу инфляцияның мақсатты деңгейлерін белгілеуді және оларды орта мерзімді перспективада орталық банк қол жеткізуге ұмтылатын ашық жариялауды көздейді. Бұл экономикалық жағдайлар мен үрдістерді талдауды және болжауды ғана емес, сонымен қатар қоғам мен нарықтарды орталық банк саясатының іс-қимылдарын түсіну процесіне белсенді қатыстыруды талап етеді. Осындай жағдайда коммуникациялық саясат ақша-кредит саясатының ажырамас құралына айналады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты стратегиясына сәйкес, коммуникациялық саясатты жетілдіру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Оның шеңберінде ұлттық валютаға деген сенімділікті арттыру, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, ҚРҰБ қабылдайтын шараларды халық пен бизнес тарапынан жақсы түсінуді жақсарту, сондай-ақ қоғам алдындағы есептілікті арттыру қажеттілігі атап өтіледі. ҚРҰБ іс-қимылдарына халық пен кәсіпорындардың сенімін арттыруға бағытталған белсенді және ашық коммуникациялық саясатқа ерекше назар аударылады. Халықтың кең топтарын қамту басымдықтардың бірі болып табылады, себебі олардың бағаның өсуіне қатысты күтулері болашақ инфляцияға елеулі әсер етеді. Ақша-кредит саясаты туралы халықты ақпараттандыру Ұлттық Банктің инфляциялық үдерістерді инфляциялық күтулер каналы арқылы жақсы бақылауына мүмкіндік береді. Осылайша, ҚРҰБ коммуникациялық саясатты жетілдіру жөніндегі міндеттері ашықтықты және ақша-кредит саясатына деген сенімділікті арттыруға бағытталған, бұл Қазақстандағы экономикалық ортаның тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазақстан Ұлттық Банкі өз коммуникациялық саясатын жүзеге асыру және қоғаммен, сондай-ақ қаржы нарықтарымен өзара әрекеттесу үшін әртүрлі құралдарды пайдаланады. Негізгі коммуникация құралдарына баспасөз релиздері, басшылықтың сұхбаттары мен ресми түсініктемелері, баяндамалар мен сөз сөйлеулер, соның ішінде базалық мөлшерлеме бойынша Төрағаның мәлімдемесі, сондай-ақ Ақша-кредит саясаты туралы есеп және инфляцияға қатысты жекелеген талдамалық материалдар сияқты аналитикалық материалдар жатады.

Коммуникациялық материалдардың ішінде базалық/негізгі мөлшерлеме бойынша шешімдер туралы баспасөз релиздері ерекше маңызды орын алады, олар орталық банктердің коммуникациялық саясатын зерттеу аясында ерекше

назар аударуды талап етеді. Бұл құжаттар монетарлық саясат бойынша шешімдер туралы ресми мәлімдемелер болып табылады және орталық банктердің қоғаммен диалог жүргізу процесінің ажырамас бөлігі саналады. Баспасөз релиздері тек пайыздық мөлшерлемелер мен инфляция деңгейіне қатысты өзекті шешімдер мен болашақ күтілімдер туралы ақпарат беріп қана қоймай, сонымен қатар нарық қатысушыларының күтулерін қалыптастыру және түзету үшін маңызды арна болып табылады.

Баспасөз релиздерінің коммуникация құралы ретіндегі рөлі инфляциялық таргеттеу режимінде ерекше маңызды, өйткені хабарламалардың түсініктілігі, нақтылығы және уақытылы берілуі инвесторлардың, тұтынушылардың және кәсіпорындардың экономикалық мінез-құлқы мен шешімдеріне тікелей әсер етеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы саладағы әдебиеттер мен өзекті зерттеулерге алдын ала шолу мұндай талдаудың маңыздылығын және оны макроэкономикалық саясатты іске асыру аясындағы практикалық шешімдер үшін ықтимал құндылығын түсінуге көмектеседі.

2. Әдебиеттерге шолу

Қазіргі экономикалық әлемде тиімді коммуникация ақша-кредит саясатына және жалпы қаржы жүйесіне деген сенімді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл әсіресе орталық банктер үшін маңызды, өйткені олардың шешімдері мен саясаты елдегі экономикалық белсенділікке және инфляция деңгейіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Blinder және басқалардың (2008) атап өтуінше, орталық банктердің сәтті коммуникациясы олардың іс-әрекеттерінің болжамдылығын арттырады, бұл қаржы нарықтарындағы құбылмалылықты азайтады.

Орталық банктердің коммуникациялық саясатының маңызды құрамдас бөлігі хабарламалардың көлемі мен жиілігі болып табылады. Blinder және басқалардың (2008) көрсетуінше, шамадан тыс коммуникация пайдалы ақпараттан гөрі, керісінше, қаржы нарықтарындағы белгісіздікті арттырып, артық «шу» тудыруы мүмкін. Сондықтан орталық банктің хабарламалары мағыналы ақпаратты ғана қамтып қоймай, ағымдағы жағдайды дәл көрсетіп, саясатты жақсы түсінуге және орталық банктің іс-қимылдарын болжамдауға ықпал етуі маңызды.

Сондықтан негізгі құжаттардың сипаттамаларын зерттеу, атап айтқанда, баспасөз релиздерінің көлемі мен мазмұнының өзгерістерін, сондай-ақ олардың оқуға қолайлылығын талдау орталық банктің өз мақсатты аудиторияларымен қаншалықты тиімді байланыс жасайтынын бағалауға мүмкіндік береді. Fracasso және басқалардың (2003) инфляцияға шолулардың² (Inflation Reports) сапасы мен ашықтығын бағалау жөніндегі зерттеуінде ақпараттың қолжетімділігі мен түсініктілігінің маңыздылығы ерекше атап

² ҚР Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты туралы есебінің аналогтары

өтіледі. Сонымен қатар, шамадан тыс ұзақ мәтіндер қажетті ақпаратты іздеуді қиындатып, мазмұнның таралуына алып келуі мүмкін.

Ю. Щадилова мен А. Евстигнеева (2023) зерттеуінде әртүрлі орталық банктердің баспасөз релиздерінің оқуға қолайлылығы Флеш-Кинкейд индексі (ағылшын тіліндегі мәтіндердің оқуға қолайлылығын бағалауға арналған) пайдалана отырып талданған. Зерттеуде қарастырылған елдердің барлығында ағылшын тілі мемлекеттік тіл болып табылмайтыны атап өтіледі, сондықтан құжаттардың аудармаларын бастапқыда ағылшын тілінде жазылған мәтіндермен тікелей салыстыру әрдайым мүмкін емес.

Өз кезегінде, біздің жұмыс аясында келесі аспектілер қарастырылады және зерттеледі:

- ҚР Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінің мазмұны мен басымдықтарының кезеңдер бойынша (2015 жылдан бастап) өзгерістерін талдау. Зерттеу барысында әр жылдары қандай тақырыптардың өзекті болғанын және ақша-кредит саясаты үшін маңызды тарихи оқиғаларға байланысты олардың қалай өзгергенін анықтау мақсат етіледі.

- Баспасөз релиздерінің көлемін талдау және олардың оқуға қолайлылығын Флеш индексі (Flesch Reading Ease Score) және Флеш-Кинкейд индексі (Flesch-Kincaid Grade Level) көмегімен бағалау, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерін Ресей Федерациясының Орталық Банкінің және Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерімен салыстыру.

Анықтама ретінде. Флештің (1948) зерттеуіне сәйкес, сөздер мен сөйлемдердің ұзындығы мәтіннің оқуға жеңілдігіне әсер етеді. Сонымен қатар, Kincaid және басқалардың (1975) зерттеуінде материалдың оқуға қолайлылығы пайдаланушының белгілі бір мәтінді түсіну дағдыларына сәйкес келуі керектігі атап өтіледі (мысалы, дәрігерлер тек медицинаға қатысты мәтіндерді жақсы түсінеді).

3. Баспасөз релиздерінің мазмұны мен басымдықтарының өзгерістерін талдау

Баспасөз релиздерінің мазмұны бойынша құжат мәтініндегі ең жиі кездесетін сөздерге талдау жүргізілді. Баспасөз релиздерінде жиі кездесетін сөздерді анықтау орталық банктің коммуникациялық саясатындағы негізгі тақырыптар мен басымдықтарды айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі басымдықтар мен акценттердің өзгерістерін қадағалауға, сондай-ақ орталық банктің қоғаммен өзара әрекеттесу үшін пайдаланатын тілі мен терминологиясын жақсы түсінуге ықпал етеді.

Орталық банктердің баспасөз релиздерінде жиі «инфляция», «бағалар», «инфляциялық күтулер» және «мөлшерлеме» сияқты негізгі терминдер ерекшеленеді, оларды ақша-кредит саясатын түсінудің негізі деп санауға болады. Алайда, зерттеушілер үшін екінші деңгейлі танымал сөздерді зерттеу үлкен қызығушылық тудырады, өйткені олар экономикалық жағдайдың өзгерістерін және ақша-кредит саясатының бағытын көрсете алады. Осыған

байланысты, осы жұмыста танымал сөздерді талдау барысында «банк», «саясат», «инфляция» және т.б. сияқты ең жиі қолданылатын терминдер алынып тасталды. ҚРҰБ баспасөз релиздерінің мазмұны мен акценттеріндегі өзгерістерді түсіну үшін әртүрлі кезеңдер бойынша тиісті талдау жүргізілді. Бұл экономика мен ақша-кредит саясатын жүргізудегі өзгерістерді көрсететін екінші деңгейлі танымал сөздердің қалай өзгергенін бақылауға мүмкіндік берді.

ҚРҰБ баспасөз релиздерін жариялауды **2015 жылдың қыркүйегінде**, инфляциялық таргеттеу режиміне көшкен кезеңнен бастады. ҚРҰБ-ның **алғашқы баспасөз релизі** «базалық мөлшерлеме» ұғымын түсіндіруді және оның ағымдағы деңгейін негіздеуді қамтыды, сондай-ақ оның инфляцияны реттеудегі рөлін сипаттады. Құжатта ағымдағы экономикалық жағдайдың талдауы, инфляция мен экономикалық дамудың болжамдары және белгіленген пайыздық мөлшерлеменің осы көрсеткіштерге ықтимал әсері қарастырылды. Акцент инфляциялық таргеттеуге бейілділікті көрсетуде және инфляция бойынша мақсатты бағдарды қамти отырып, банктің стратегиялық міндеттерін атап көрсетуде болды. 2015 жылғы келесі баспасөз релизі құрылымы мен тәсілдерін алдыңғы құжаттағыдай сақтай отырып, мазмұнын ішкі және сыртқы нарықтардағы макроэкономикалық жағдайды талдаумен кеңейтті.

2016 жылы ішінде ҚРҰБ коммуникация тәсілдерінде дәйектілікті сақтай отырып, қабылданған шешімдердің негіздемесіне баса назар аударуды жалғастырды. 2016 жылғы келесі баспасөз релиздерінде дедолларизация процестеріне ерекше көңіл бөлінді. ҚРҰБ халықтың валютаға деген артықшылықтары мен олардың экономикалық процестерге әсерін атап өтті, бұл депозиттерді тұрақты талдаудан көрініс тапты. Сонымен қатар, баспасөз релиздері 2015 жылмен салыстырғанда мазмұндырақ бола бастады, онда инфляция тәуекелдері, валюта бағамы және қаржы нарығындағы жағдай туралы ақпарат қамтылды.

2016 жылы ҚРҰБ-ның баспасөз релиздерінде «валюта», «валюталық тәуекелдер» және «валюталық нарық» сияқты сөздер жиі кездесе бастады (осыған ұқсас «валюта» түбірлес сөздері 36 рет кездескен). Бұл жыл теңгенің 2015 жылы еркін айырбастау бағамына көшуіне байланысты болған елеулі валюта ауытқуларымен сипатталды. ҚРҰБ валюталық нарыққа ерекше назар аударып, бұл аталған терминдердің жиі қолданылуынан көрініс тапты. Еркін айырбастау бағамының енгізілуі девальвациялық күтулерді тұрақтандыру үшін нарықпен және қоғаммен белсенді коммуникацияны талап еткен болуы мүмкін.

2017 және 2018 жылдары Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздері макроэкономикалық жағдайларды талдау тұрғысынан анағұрлым егжей-тегжейлі бола түсті. 2017 жылы тұтынушылық және инвестициялық сұраныс сияқты ішкі экономикалық процестердің кеңейтілген сипаттамасы байқалды. Бұл инфляцияның ішкі факторларына деген назардың артуын көрсетті. 2018 жылы ағымдағы жағдайды және орта мерзімді экономикалық болжам шарттарын терең талдау үрдісі жалғасын тапты.

Мысалы, баспасөз релиздерінде экономикалық белсенділіктің өсуіне әртүрлі факторлардың, атап айтқанда, тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібінің, көлік, байланыс және сауданың үлесі егжей-тегжейлі сипатталған. **2017 жылы** баспасөз релиздерінде «ақша-кредит жағдайлары» бөлімі/абзацы пайда болды. Бұл ҚРҰБ ақша-кредит саясатының бағыты мен ерекшеліктері туралы нарық пен қоғамға түсінік беру қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Ақша-кредит жағдайларын бағалау нарықтарға ҚРҰБ тарапынан ақша-кредит саясатының ағымдағы бағытын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл термин алғаш рет 2016 жылдың маусым және тамыз айларындағы баспасөз релиздерінде кездескенімен, 2016 жылдың қалған релиздерінде қайта аталмады және дербес бөлім ретінде назар аудартқан жоқ. 2017 жылдан бастап фискалдық ынталандыру туралы алғашқы ескертулер пайда болды. Сонымен қатар, 2017 жылы валюталық нарық маңызды тақырып болып қала берді, бұл жоғары девальвациялық күтулерді төмендету қажеттілігін көрсетіп отырды. Демек, дедолларизация бойынша басқа шаралармен қатар, бұл ҚРҰБ тиісті коммуникациясын талап етті. **2018 жылы** «валюта» сөзінің айтылу жиілігінің азаюы байқалды, бұл алдыңғы жылдардағы турбуленттіліктен кейін валюталық нарықтың біртіндеп тұрақтануына және валюта бағамы мәселелері бойынша қарқынды коммуникация қажеттілігінің төмендеуіне байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, трансмиссиялық механизмнің негізгі арнасы – пайыздық арнаға назар аудару қажеттілігі арта түсті.

2019-2021 жылдар аралығында баспасөз релиздерінің көлемі күрт ұлғайғаны байқалады, бұл кеңейтілген экономикалық талдаудың ұсынылуымен және үлкен көлемдегі деректердің қамтылуымен байланысты. 2019 жылы баспасөз релиздері негізінен Қазақстанның ағымдағы экономикалық жағдайын талдауға бағытталды, ішкі және сыртқы экономикалық секторлардың әртүрлі аспектілерін егжей-тегжейлі сипаттады. Ішкі сектор халық табысындағы өзгерістер мен тұтынушылық сұраныс динамикасын талдау арқылы сипатталды. Ал сыртқы секторға шолу мұнай бағалары мен Қазақстанның негізгі сауда серіктес елдеріндегі инфляцияны талдауды қамтыды. «Forward guidance» элементтері бар болғанымен, олар мәтіннің негізгі бөлігінен аз орын алады және негізінен ағымдағы макроэкономикалық жағдайдың егжей-тегжейлі сипаттамасы ұсынылған. Зерттелген жылдары баспасөз релиздерінде ақша-кредит саясаты бойынша шешімдерге әсер ететін ағымдағы жағдайларға ерекше көңіл бөлінді, ал базалық мөлшерлеменің болашақтағы өзгерістері туралы болжамдар мен күтілімдер тек жалпы түрде ғана айтылды.

2019 жылы «мұнай» сөзі баспасөз релиздерінде жиі кездесе бастады (20 рет), бұл мұнай бағасының ауытқуларының елдің экономикалық көрсеткіштеріне тікелей әсер етуімен байланысты болды. Бұл өзгерістерді Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінде көрсету қажет болды. Мұнай нарығындағы жаһандық өзгерістер, оның ішінде ОПЕК келіссөздері және әлемдік экономиканың одан әрі даму перспективаларына қатысты жоғары белгісіздік, ҚРҰБ тарапынан коммуникацияны талап етті.

2020 жылы Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздері пандемия жағдайына жауап ретінде жоғарырақ жиілікпен және егжей-тегжейлі талдаумен ерекшеленді. Экономикалық жағдайдың жылдам өзгеруіне бейімделу қажеттілігіне байланысты 2020 жылы базалық мөлшерлеме бойынша 8 емес³, 10 шешім қабылданып, оларды баспасөз релиздері сүйемелдеді. Релиздерде экономиканың ағымдағы жағдайын қарастыратын кең көлемді аналитикалық бөлім қамтылды, оған инфляциялық процестер, ішкі факторлар, сондай-ақ сыртқы нарықтардағы жағдайдың ықпалы туралы егжей-тегжейлі ақпарат енгізілді.

2020 жылы баспасөз релиздерінде «мұнай» (82 рет), «ОПЕК» (18 рет) сияқты сөздердің қолданылу жиілігі күрт өсті, сондай-ақ «карантин» (29 рет) және оған түбірлес «карантиндік шаралар», «коронавирус» (16 рет), «белгісіздік» (20 рет) сияқты жаңа сөздер пайда болды. COVID-19 пандемиясы жаһандық экономикалық дағдарысты тудырып, мұнай нарығына айтарлықтай әсер етті. Пандемияны тежеу шаралары, соның ішінде карантиндік шектеулер, экономикалық белсенділік пен энергия ресурстарын тұтынуды елеулі түрде өзгертті. Пандемия мұнайға деген сұраныстың айтарлықтай төмендеуіне, мұнай бағасының күрт құлдырауына алып келді және ОПЕК+ елдерін нарықты тұрақтандыру үшін өндіру көлемін қысқарту шараларын қабылдауға мәжбүр етті. Бұл «мұнай» және оған байланысты терминдердің жиі қолданылуын түсіндіреді, өйткені мұнай экспортына тәуелді Қазақстанның экономикалық жағдайы елеулі қысымға ұшырады. Сонымен қатар, 2020 жылы фискалдық және квазифискалдық импульс проинфляциялық фактор ретінде айтарлықтай назарға алынды.

2021 жылы баспасөз релиздерінде «қалпына келу» және оған түбірлес сөздер (64 рет), «белгісіздік» (10 рет) және «мұнай» (67 рет) сияқты сөздер жиі кездесті. Бұл пандемиядан кейін Қазақстан экономикасының біртіндеп қалпына келуін және әлемдік нарықтардағы белгісіздіктің сақталуын көрсетті. Белгісіздік пен қалпына келу терминдерін қолдану күтулерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарды, ал мұнай нарығына қатысты жоғары назар волатильдіктің сақталуына байланысты болды.

Осылайша, 2020 және 2021 жылдардағы Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздері инфляция мен басқа да негізгі экономикалық көрсеткіштерге әсер ететін факторларға ерекше назар аударып, ағымдағы экономикалық жағдайды егжей-тегжейлі талдаумен ерекшеленді. Құжаттардың көлемі айтарлықтай ұлғайып, материалдарда көптеген статистикалық деректер қамтылды.

2022 жылғы баспасөз релиздерінде геосаяси дағдарыс салдарынан күшейіп келе жатқан инфляциялық процестерге және жоғарылаған сыртқы экономикалық тәуекелдерге қарсы шаралар атап өтілді. Осы кезеңде құжаттарда болашақ экономикалық күтулерге қатысты ақпарат көлемі ұлғайды, соның ішінде «forward guidance» элементтерінің белсенді

³ Кезектен тыс шешімдер экономикалық жағдайдың жылдам өзгеруіне байланысты жиі коммуникация қажеттілігімен түсіндірілді


қолданылуы байқалды. Бұл Қазақстан Ұлттық Банкі тарапынан нарық қатысушыларының күтулерін басқару практикасының белсендірек қолданылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, 2022 жылдың соңынан бастап баспасөз релиздерінің мәтіні айтарлықтай қысқарып, болжамдар бойынша сандар қосымша ретінде кесте түрінде беріліп, негізгі мәтін цифрларды көрсетпей «жеңілдетілді».

2022 жылы «мұнай» сөзінің қолданылу жиілігі төмендеп, 48 рет аталды, ал «карантин» сөзі небәрі 3 рет кездескен. Алайда, «геосаяси» сөзіне түбірлес сөздер мен тіркестер, мысалы, «геосаяси шиеленіс», «геосаяси тәуекелдер», «геосаяси жағдай» жиі қолданыла бастады. Бұл Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты және Ресейге салынған санкцияларды қоса алғанда, жаһандық геосаяси жағдаймен байланысты болды, олар Қазақстан экономикасына айтарлықтай әсер етті. 2022 жылы «фискалдық импульс» тіркесінің қолданылу жиілігі айтарлықтай өсті және 15 ретке жетті, бұл осы тақырыптың өзектілігінің артқанын көрсетеді. Фискалдық импульс туралы жиі ескертулер мемлекеттік шығындардың ұлғаюымен байланысты болды, олар ішкі сұранысты ынталандыру және проинфляциялық қысым факторы ретінде қызмет етті. Қазақстан Ұлттық Банкі ағымдағы экономикалық жағдайды белсенді түрде жариялап, тәуекелдерді атап өту және олардың әсерін азайту бойынша қабылданған шараларын түсіндіруге тырысты.

2023 жылы Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінің көлемі қысқарды, ал баспасөз релиздері алдыңғы жылдармен салыстырғанда ағымдағы макроэкономикалық жағдайды қысқа әрі нысаналы түрде баяндау үрдісін көрсетті. Ағымдағы жағдайды сипаттайтын блоктар қысқарып, ал болжамдық бөлім кеңейтілді. Бұл болжамдауға баса назар аударудың күшеюімен байланысты болуы мүмкін, бұл «forward guidance» элементтерінің жиі қолданылуынан және экономикалық орта мен саясаттың күтілетін өзгерістеріне ерекше назар аударудан көрініс тапты. Сонымен қатар, бұл нарық қатысушылары үшін ақпаратты анағұрлым қолжетімді және түсінікті етуге деген ұмтылыспен байланысты болуы мүмкін, өйткені тым егжей-тегжейлі талдаулар негізгі хабарламаны қабылдауды қиындатуы мүмкін.

2023 жылы «геосаяси» сөзі 18 реттен 2 ретке дейін, ал «мұнай» сөзі 48 реттен 21 ретке дейін сирек қолданылды. Алайда, «ЖЖМ» (23 рет), «ТКҚ» және «ТКШ», сондай-ақ «реттелетін қызметтер мен тауарлар» терминдерінің қолданылу жиілігі айтарлықтай артты. Бұл тұрғын үй-коммуналдық қызметтер мен жанар-жағармай материалдары саласындағы тарифтік реформамен байланысты болды, ол инфляциялық қысымды күшейтетін және энергетикалық инфрақұрылымның тозуын көрсететін фактор ретінде қарастырылады.

1-график. ҚРҰБ баспасөз релиздерінде түбірлес сөздердің әртүрлі кезеңдердегі қолданылу жиілігі



Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінде жиі кездесетін сөздерді талдау жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатына әсер ететін негізгі тақырыптар мен оқиғаларды, Банктің коммуникациялық стратегиясындағы өзгерістерді, сондай-ақ ішкі және сыртқы экономикалық сын-қатерлерді және әртүрлі уақыт кезеңдеріндегі саясаттың басымдықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл талдау Қазақстан Ұлттық Банкінің өзгеріп жатқан экономикалық және геосаяси жағдайларға жауап ретінде өз коммуникациялық саясатын қалай бейімдейтінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

4. Баспасөз релиздерінің көлемін талдау

Инфляциялық таргеттеу енгізілген сәттен бастап (баспасөз релиздерінің жариялануының басталуымен сәйкес келеді) Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінің көлемі 2015 жылдан 2023 жылға дейін айтарлықтай өзгерістерді көрсетеді, бұл ҚРҰБ коммуникациялық тәсілдерінің эволюциясын бейнелейді. 2015–2021 жылдар аралығында сөздер мен сөйлемдердің санының ұлғаю үрдісі байқалды. Баспасөз релиздеріндегі сөздердің саны 2016 жылы орта есеппен 362 сөзден 2021 жылы 1 209 сөзге дейін үздіксіз өсті.

2-графикте төменде 2015 жылдан 2023 жылға дейінгі Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚРҰБ), Ресей Федерациясының Орталық Банкі (РФОБ), Қырғыз Республикасы Ұлттық Банкі (ҚРҰБ (Қырғызстан)) және Армения Республикасы Орталық Банкінің (АРОБ) баспасөз релиздері мәтіндерінің салыстырмалы талдауы ұсынылған. Құжаттағы сөздер саны мен сөйлемдер саны сияқты параметрлер қарастырылды.

2015 жылға арналған есепте ҚРҰБ тек 2 баспасөз релизі пайдаланылғанын атап өту қажет, себебі ҚРҰБ базалық мөлшерлеме туралы алғашқы баспасөз релизі инфляциялық таргеттеуге көшу аясында 2015 жылдың қыркүйегінде жарияланған. Сонымен қатар, АРОБ жағдайында кейбір кезеңдерде мәтіндердің орыс тілінде болмауына байланысты деректер шектеулі болғанын атап өткен жөн, бұл талдаудың репрезентативтілігіне әсер етуі мүмкін.


Салыстырмалы талдауға сәйкес, 2015–2019 жылдары РФОБ баспасөз релиздерінің мәтіндерінің орташа көлемі басқа орталық банктерге қарағанда жоғары болды. Алайда, 2021–2022 жылдары жағдай өзгерді, және осы жылдары ҚРҰБ құжаттарындағы **сөздердің саны** РФОБ да асып түсті. Сонымен бірге, 2020–2022 жылдары екі орталық банктің құжаттарындағы **сөйлемдер саны** шамамен бірдей болды. 2022 жылдан кейін барлық банктерде, РФОБ басқа, мәтіндердің көлемінің төмендеуі байқалды, ал РФОБ 2023 жылы мәтін көлемінің өсуін көрсетті.

АРОБ және ҚРҰБ (Қырғызстан) баспасөз релиздері РФОБ және ҚРҰБ салыстырғанда қысқалығы сақталуда. Тіпті 2021 жылғы ең жоғары деңгейде олардың көлемі ҚРҰБ және РФОБ құжаттарынан 2–3 есе аз болды. АРОБ сөздердің саны 2021 жылға дейін өсті, ал 2022–2023 жылдары төмендеу байқалды. ҚРҰБ (Қырғызстан) да 2021 жылғы шыңнан кейін сөздер мен сөйлемдер саны бойынша көлемдердің қысқаруы басталды.

Жоғарыда атап өтілгендерді ескере отырып, мәтіндердің көлеміндегі айырмашылықтар орталық банктердің өз баспасөз релиздерін дайындаудағы әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. ҚРҰБ және РФОБ анағұрлым кеңейтілген мәтіндерді пайдаланады, ал АРОБ және ҚРҰБ (Қырғызстан) қысқа форматты ұстанады.

2021 жылы ҚРҰБ баспасөз релиздеріндегі сөздердің тарихи тұрғыда ең көп саны COVID-19 пандемиясының салдарын тереңірек талдау және түсіндіру қажеттілігімен, сондай-ақ карантиндік шектеулердің әлсіреуінен кейін іскерлік белсенділік пен тұтынушылық сұраныстың біртіндеп қалпына келуін көрсету қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайлар банк қабылдаған ақша-кредит саясаты шаралары мен олардың экономикаға әсерін неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндіруді талап етті, бұл баспасөз релиздерінің көлемінің ұлғаюынан көрініс тапты. Алайда, одан әрі кері үрдіс байқалады: 2022 және 2023 жылдары баспасөз релиздерінің көлемі тиісінше орта есеппен 846 және 686 сөзге дейін немесе 30% және 50%-ға қысқарды. Сөйлемдердің саны 2021 жылы 68-ден кейінгі екі жылда тиісінше 50 және 43 сөйлемге дейін қысқарды. Бұл ақпаратты неғұрлым қысқа әрі ақша-кредит саясатының негізгі аспектілеріне шоғырландырылған түрде ұсынуға деген ұмтылысты көрсетуі мүмкін.

2-график. Сөздер мен сөйлемдердің саны



5. Баспасөз релиздері мәтіндерінің оқуға қолайлылығы

Баспасөз релиздері мәтіндерінің оқуға қолайлылығы орталық банктердің коммуникациялық саясатының маңызды аспектісі болып табылады. Бұл ақпараттың қаржы секторы өкілдері мен кең аудитория үшін қаншалықты оңай қабылданатыны мен түсінікті екенін анықтайды. Оқуға жоғары қолайлылық орталық банктің мақсаттары мен әрекеттерін жақсырақ түсінуге ықпал етеді. Бұл өз кезегінде орталық банктің ақпаратын тұтынушылар арасында сенімді арттырып, белгісіздікті азайтады.

Мәтіндердің оқуға қолайлылығын бағалаудың ең кең таралған әдісі және жазбаша құжаттардың күрделілік деңгейін анықтау үшін кеңінен қолданылатын құралдардың бірі – Флештің оқуға қолайлылық индексі (Flesch Reading Ease Score). Бұл индекс бастапқыда ағылшын тіліндегі мәтіндердің оқуға қолайлылығын талдау үшін әзірленген. Флеш индексінің формуласы екі негізгі факторға негізделген: сөйлемдердің ұзындығы (сөйлемдегі сөздердің орташа саны) және сөздердегі буындар саны (сөздегі буындардың орташа

саны). Сөйлемдер неғұрлым қысқа және сөздер қарапайым болған сайын, мәтін оқырман үшін соғұрлым жеңіл қабылданады. Басқаша айтқанда, Флеш индексі мәтіннің оқу жеңілдігін өлшейді. Флеш индексін есептеу формуласы келесі:

$$206,835 - 1,015 * ASL - 84,6 * ASW$$

ASL – сөйлемдегі сөздердің орташа саны,

ASW –сөздегі буындардың орташа саны

Индекстің мәндері 0-ден 100-ге дейін өзгереді, мұндағы жоғары мәндер мәтіннің жеңіл/қарапайым екенін білдіреді. Мысалы,

90-100: Өте қарапайым

70-89: Оңай

50-69: Орташа

30-49: Қиын

0-29: Өте қиын

Флеш-Кинкейд индексі (Flesch-Kincaid Grade Level) – Рудольф Флештің оқуға қолайлылық индексінің жетілдірілген нұсқасы болып табылады. Бұл индекс Флеш индексінің негізінде жатқан сол бірдей айнымалыларға сүйенеді, бірақ оның формуласы нәтижелерді мектептегі білім деңгейі ретінде көрсетуге бейімделген. Флеш-Кинкейд индексін есептеу формуласы келесі:

$$0,39 * ASL + 11,8 * ASW - 15,59$$

Индекс мәндері талданатын мәтіндерді түсіну үшін қажетті АҚШ-тағы білім деңгейін көрсетеді. Мысалы,

0-5: Бастауыш мектеп оқушыларына сәйкес келеді;

6-9: Орта мектеп оқушыларына сәйкес келеді;

10-12 Жоғары сынып оқушыларына сәйкес келеді;

13-15: ЖОО студенттері мен түлектеріне сәйкес келеді;

16-18: ЖОО-дан кейінгі оқу/білім

Флеш және Флеш-Кинкейд индекстері тек сызықтық өзара байланыстарды көрсететінін атап өту маңызды, бұл қолданыстағы басқа мәтін күрделілігі критерийлері аясында олардың дәлдігін шектейді. Бұл модельдер контекст пен мағыналық жүктемені ескермейді, сондықтан шын мәнінде түсіну қиын мәтіндерге жоғары оқуға қолайлылық бағасын беруі мүмкін. Сонымен қатар, бұл индекстер сөздер мен сөйлемдердің ұзындығына баса назар аударады, стиль мен тон сияқты маңызды аспектілерді елемейді. Флеш-Кинкейд индексі жоғары ұпай неғұрлым жоғары білім деңгейіне сәйкес келеді деп болжайды, бірақ бұл әрдайым дұрыс бола бермейді. Мысалы, арнайы

терминологияны қамтитын мәтіндер күрделі деп бағалануы мүмкін, бірақ белгілі бір аудитория үшін түсінікті болуы ықтимал, яғни нәтижелер мақсатты аудиторияның сипаттамаларын ескермейді. Қазақстан Ұлттық Банкінің коммуникациялық құралдарының оқуға қолайлылығын бағалау бойынша болашақ зерттеулердің тақырыбы ретінде жоғарыда аталған индекстермен бірге қосымша индекстерді пайдалануды қарастыруға болады. Сонымен қатар, аталған индекстердің кемшіліктерін ескере отырып, осы жұмыста Флеш және Флеш-Кинкейд индекстері, ең алдымен, мәтіннің оқуға қолайлылығының уақыт өте келе өзгеру динамикасын талдау үшін қолданылады.

1-кесте. Нәтижелерді талдау және түсіндіру

ҚР Ұлттық Банкі	Флеш индексі*	Флеш-Кинкейд индексі*
2019	41,5	12,8
2020	37,9	14,1
2021	37,3	14,0
2022	38,2	13,6
2023	36,4	13,6

** Индекстердің мәндері жыл ішіндегі баспасөз релиздері бойынша индекстердің орташа мәні ретінде алынған*

Осы зерттеу аясында екі индекс те орталық банктердің баспасөз релиздері мәтіндерінің күрделілігі мен қолжетімділігін бағалау үшін қолданылды. Зерттеудің алдыңғы бөлімдерінде (мазмұн мен басымдықтарды талдау, баспасөз релиздерінің көлемін талдау) тек орыс тіліндегі мәтіндер пайдаланылды. Алайда, оқуға қолайлылықты бағалау және басқа орталық банктердің баспасөз релиздерімен салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін талдау құжаттардың ағылшын тіліндегі нұсқаларында жүргізілді. Мұндай таңдаудың негізгі себебі Флеш және Флеш-Кинкейд индекстерінің бастапқыда ағылшын тіліндегі мәтіндерге бейімделгенінде, сондықтан бұл индекстерді орыс тіліне қолдану оқуға қолайлылық бағасын дәл бермеуі мүмкін.

2019–2023 жылдар аралығында ҚРҰБ баспасөз релиздерінің оқуға қолайлылығын талдау мәтіндердің күрделілігінің артқанын көрсетті. 2019 жылы Флеш индексі 41,5 құраса, 2020 жылы бұл көрсеткіш 37,9-ға дейін төмендеді, ал 2021 жылы 37,3-ке дейін азайды, бұл мәтіндердің мазмұнының біртіндеп күрделенуін және қолжетімділігінің төмендеуін білдіреді. 2023 жылы Флеш индексі одан әрі төмендеп, 36,4-ке жетті, бұл мәтіндердің күрделену үрдісін растайды. Сонымен қатар, Флеш-Кинкейд индексі мәтіндердің күрделілігінің 2019 жылғы 12,8-ден 2020 жылы 14,1-ге дейін өскенін көрсетті, содан кейін 2022 және 2023 жылдары 13,6 деңгейінде тұрақтады. Бұл мәтіндерді түсіну үшін неғұрлым жоғары білім деңгейі қажет екенін көрсетеді.

Осы зерттеу аясында ҚРҰБ, РФОБ және ҚРҰБ (Қырғызстан) баспасөз релиздерінің оқуға қолайлылығын салыстырмалы талдау жүргізілді. Бұл

елдерді таңдау алдыңғы бөлімде осы елдердің баспасөз релиздеріндегі мәтіндердің көлемін салыстырмалы талдау жүргізілгенімен түсіндіріледі, бұл әрі қарайғы талдау үшін негіз қалыптастырады. Флеш және Флеш-Кинкейд индекстері ағылшын тіліндегі мәтіндерге арналғандықтан, оларды орыс тілінде жазылған ҚРҰБ, РФОБ және ҚРҰБ (Қырғызстан) баспасөз релиздерін талдау үшін пайдалану кезінде сақтық қажет. Соған қарамастан, бұл индекстер ағылшын тіліне **аударылған** мәтіндердің оқуға қолайлылығын салыстырмалы талдауға және үш елдің коммуникация тәсілдеріндегі айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Флеш индексі бойынша РФОБ баспасөз релиздерінің көрсеткіштері сол кезеңде 35,8-ді құрады, бұл ҚРҰБ салыстырғанда төмен. Бұл РФОБ мәтіндерінің де қабылдау үшін жеткілікті күрделі екенін көрсетеді, дегенмен олардың күрделену үрдісі азырақ байқалады. ҚРҰБ (Қырғызстан) көрсеткіштері осы кезеңде үш орталық банк арасында ең төменгі болып табылады - Флеш индексінің 5 жылдық орташа мәні 31,7, бұл олардың мәтіндерінің РФОБ және ҚРҰБ қарағанда күрделілігінің жоғары екенін көрсетеді.

Флеш-Кинкейд индексіне сәйкес, үш орталық банктің құжаттарын түсіну үшін жеткілікті жоғары білім деңгейі қажет. Алайда, 2023 жылы РФОБ баспасөз релиздері бойынша индекстер нәтижелері 2020–2022 жылдармен салыстырғанда мәтіндердің оқуға қолайлылығы тұрғысынан аздап жеңілдегенін көрсетеді. Ал ҚРҰБ (Қырғызстан) соңғы жылдары оқуға қолайлылық айтарлықтай өзгерістерді көрсетпейді, мәтіндер салыстырмалы түрде күрделі деңгейде қалады. Флеш-Кинкейд индексінің орташа мәні ҚРҰБ (Қырғызстан) үшін 14,3, ҚРҰБ үшін 13,6, ал РФОБ үшін 13,2 құрайды, бұл аудиторияның білім деңгейіне қойылатын ұқсас талаптарды көрсетеді.

2-кесте. ҚРҰБ, РФОБ және ҚРҰБ (Қырғызстан) мәтіндерінің оқуға қолайлылық индекстері


	Флеш индексі			Флеш-Кинкейд индексі		
	ҚРҰБ	РФОБ	ҚРҰБ (Қырғызстан)	ҚРҰБ	РФОБ	ҚРҰБ (Қырғызстан)
2019	41,5	41,3	36,1	12,8	12,0	13,1
2020	37,9	29,5	29,5	14,1	14,4	14,6
2021	37,3	35,8	30,5	14,0	13,1	14,7
2022	38,2	34,8	29,4	13,6	13,4	14,8
2023	36,4	37,4	32,8	13,6	12,8	14,1
5 жылдық орташа	38,2	35,8	31,7	13,6	13,2	14,3

Оқуға қолайлылықты талдау аясында ҚРҰБ, сондай-ақ РФОБ және ҚРҰБ (Қырғызстан) баспасөз релиздерін Англия, Канада, Армения және Еуропалық Орталық (ЕОБ) банктерінің баспасөз релиздерімен салыстыруға талпыныс жасалды. Дегенмен, баспасөз релиздері түпнұсқада ағылшын тілінде жазылған банктермен оқуға қолайлылықты салыстыру толықтай релевантты болмауы мүмкін екенін атап өту қажет.

Басқа орталық банктер бойынша бағалау нәтижелерімен салыстыру Флеш индексі бойынша ең жеңіл мәтін Канада орталық банкінің баспасөз релиздерінде екенін көрсетті. Екінші орында Англия тұр. Қазақстан аталған екі орталық банктен кейін орналасып, үшінші орынға ие болды. Қырғызстан мен Арменияның Флеш индексі бойынша көрсеткіштері Қазақстан мен Ресейден төмен, бұл олардың мәтіндерінің күрделірек екенін көрсетеді. Сонымен қатар, АРОБ және ҚРҰБ (Қырғызстан) баспасөз релиздерінің мәтіндері, бұрын анықталғандай, орташа алғанда, ҚРҰБ және РФОБ қарағанда қысқалау. Сондай-ақ, АРОБ 2021 жылы мәтіндердің уақытша күрделенуін көрсеткенін, бірақ кейін индекстердің кері үрдісті көрсете бастағанын атап өту маңызды. Флеш-Кинкейд индексі бойынша Қазақстан үшінші орында, Канада мен Ресейден кейін орналасқан. Канада, Ресей және Англия сияқты, ҚРҰБ баспасөз релиздерін түсіну үшін де жоғары білім қажет. Екі индекстің нәтижелері ең күрделі мәтін ЕОБ тиесілі екенін көрсетеді.

2019 жылдан бастап ҚРҰБ және РФОБ баспасөз релиздерінің мәтіндері күрделене түскені байқалады, бұл Флеш индексінің Қазақстан бойынша 2019 жылы 41,5-тен 2023 жылы 36,4-ке дейін, ал Ресей бойынша 41,3-тен 37,4-ке дейін төмендеуінен көрінеді. ҚРҰБ (Қырғызстан) үшін де Флеш индексінің төмендеуі байқалды – 2019 жылы 36,1-ден 2023 жылы 32,8-ге дейін, бұл мәтіндердің күрделену үрдісін көрсетеді. Сонымен қатар, ЕОБ баспасөз релиздерінің оқуға қолайлылығы айтарлықтай жақсарғанымен, индекс 17,4-тен 29,6-ға дейін өскеніне қарамастан, олардың мәтіндерінің қолжетімділігі әлі де төмен болып қала береді. Канада Банкі өз мәтіндерінің салыстырмалы түрде жоғары қолжетімділік деңгейін бүкіл кезең бойы тұрақты сақтап қалды.

4-график. Орталық банктердің оқуға қолайлылық индекстері



6. Қорытынды

Баспасөз релиздері коммуникациялық саясаттың маңызды элементі ретінде орталық банктердің шешімдерін түсінуде және экономикалық

агенттердің күтулерін қалыптастыруда негізгі рөлдердің бірін атқарады. Ақпараттың анықтығы мен қолжетімділігі қаржы нарықтарындағы белгісіздікті азайту және нарық қатысушыларының орталық банктің саясатын жақсы түсінуі үшін негізгі факторлар болып табылады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерін талдау 2015 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде құжаттардың айтарлықтай өзгергенін көрсетті. ҚРҰБ баспасөз релиздеріндегі екінші деңгейлі танымал сөздер коммуникациялық саясаттағы басымдықтардың өзекті сын-қатерлерге байланысты қалай өзгергенін айқындады. 2016 жылы валюта бағамы тақырыбы өзекті болды, бұл инфляциялық таргеттеуге көшу жағдайында валюталық тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын атап өтті. Алайда, кейінгі жылдары назар аудару бағыттары өзгерді. 2020 және 2021 жылдары «мұнай» және «карантин» сияқты терминдердің жиілігі артты, бұл COVID-19 пандемиясының және мұнай нарықтарындағы ауытқулардың Қазақстан экономикасына айтарлықтай әсерін көрсетті. 2022 жылы мұнаймен байланысты терминдердің қолданылу жиілігінің азаюымен қатар, геосаяси шиеленіс пен фискалдық импульспен байланысты сөздердің жиілігі артты. Бұл талдау ҚРҰБ өзгермелі жағдайларға бейімделіп, өз коммуникациялық саясатын қалай жетілдіргенін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттелген кезеңде 2016 жылдан 2021 жылға дейін мәтіндердің ұзындығының арту үрдісі байқалды. Бұл әсіресе 2020–2021 жылдары макроэкономикалық жағдайлар мен экономикалық процестердің талдауы тереңдей түскен кезеңде байқалды. 2016 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде баспасөз релиздерінде инфляциялық процестер мен экономикалық белсенділікке әсер ететін әртүрлі факторлар мен оқиғалар атап өтілді. 2021 жылы баспасөз релиздерінің көлемі ең жоғары деңгейге жетті, бұл пандемиядан кейін экономиканы қалпына келтіру үшін қабылданған шараларды егжей-тегжейлі түсіндіру қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін. Алайда, соңғы жылдары кері үрдіс байқалады: 2022 және 2023 жылдары мәтіндердің көлемі азайды. Бұл ақпаратты неғұрлым ықшам және ҚРҰБ үшін маңызды аспектілерге бағытталған түрде беру ұмтылысын көрсетуі мүмкін.

Ағылшын тіліне арналған индекстерді қолданудың кемшіліктерін ескере отырып, басқа орталық банктердің баспасөз релиздерімен оқуға қолайлылықты салыстырмалы талдау жүргізілді. Талдау нәтижесінде ҚРҰБ мәтіндерінің орташа есеппен Канада Банкі мен Англия Банкіне қарағанда күрделірек екені анықталды, бірақ олар РFOB салыстырғанда ұқсас деңгейде және ҚРҰБ (Қырғызстан), АРОБ пен ЕОБ қарағанда қолжетімдірек. Сонымен қатар, ЕОБ мәтіндері барлық талданған баспасөз релиздері арасында ең күрделі болып қала береді. Флеш және Флеш-Кинкейд индекстері ҚРҰБ мәтіндерін түсіну үшін жоғары білім (немесе ЖОО-да оқуды) қажет ететінін көрсетті. Бұл белгілі бір дәрежеде жоғары білімі жоқ аудитория үшін олардың қолжетімділігін шектеуі мүмкін.

Бұл ретте, баспасөз релиздерінің мақсатты аудиториясын ескеру маңызды. Мысалы, егер Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінің

негізгі мақсаты қаржы нарығы қатысушыларының күтулеріне әсер ету болса, күрделі тіл қолдану орынды болуы мүмкін, өйткені бұл аудитория, әдетте, тиісті білім деңгейіне ие. Алайда, ақпараттың кең аудиторияға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін оқырмандардың білім деңгейінің әртүрлілігін ескеру қажет. Қолжетімділікті арттыру мақсаты аясында күрделі ақпаратты бейімдеу және оны жеткізудің тиісті арналарын таңдау керек. Бұл нарық мамандарымен ғана емес, сондай-ақ кеңірек аудиториямен тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, ақпаратты жеткізудің нақты арналарын таңдау ҚРҰБ коммуникациялық саясатын қабылдауды жақсартып, оның халықтың әртүрлі сегменттеріне әсерін күшейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, автордың пікірінше, коммуникациялық саясаттың тиімділігін арттыру және кең аудиторияға әсер ету үшін мәтіндердің күрделілік деңгейіндегі құбылмалылықты төмендетуге ұмтылу қажет. Ақпаратты беру күрделілігі мен стилінің тұрақты деңгейін сақтау баспасөз релиздерін ғана емес, сондай-ақ басқа да коммуникация арналарының қабылдануы мен түсінілуін жақсартуға ықпал етеді.

Бұл зерттеудің нәтижелері әрі ғылыми жұмыстар үшін, әрі макроэкономикалық саясат саласындағы практикалық қолдану үшін пайдалы болуы мүмкін. Сондай-ақ, олар орталық банктердің коммуникациялық стратегиясын жетілдіруге ықпал ете алады. Зерттеу Қазақстан Ұлттық Банкінің баспасөз релиздеріндегі өзгерістердің тарихи динамикасын ғана емес, сонымен қатар әртүрлі кезеңдердегі негізгі басымдықтарды да көрсетеді. Мұндай талдау баспасөз релиздерінің сипаттамалары туралы жалпы түсінік алғысы келетін жаңа пайдаланушылар үшін де, олардың құрылымы мен мазмұнын егжей-тегжейлі зерттеуге қызығушылық танытқан мамандар үшін де құнды ақпарат бола алады.

7. Әдебиет тізімі

1. Евстигнеева А. 2023. Коммуникация как инструмент денежно-кредитной политики.
2. Евстигнеева А., Щадилова Ю. 2023. Международный опыт коммуникации о решениях по денежно-кредитной политике и макроэкономических прогнозах.
3. Туреханова Н.Е., Мекенбаева К.Б. 2021. Коммуникационная политика центрального банка. Экономическое обозрение Национального Банка Республики Казахстан, № 4.
4. Blinder A., Ehrmann M., Fratzscher M., De Haan J., Jansen D. 2008. Central Bank Communication and Monetary Policy: A Survey of Theory and Evidence.
5. Flesch R. 1948. A New Readability Yardstick. Journal of Applied Psychology.
6. Fracasso A., Genberg H., Wyplosz Ch. 2003. How Do Central Banks Write? An Evaluation of Inflation Targeting Central Banks.
7. Kincaid J. P., Fishburne R. P. Jr., Rogers R. L., Chissom B. S. 1975. Derivation of New Readability Formulas (Automated Readability Index, Fog Count and Flesch Reading Ease Formula) For Navy Enlisted Personnel.
8. Сайт Национального Банка Казахстана. График принятия решений по базовой ставке [<https://www.nationalbank.kz/ru/news/grafik-prinyatiya-resheniy-po-bazovoy-stavke/rubrics/2098>].
9. Сайт Центрального Банка РФ. Календарь решений по ключевой ставке ЦБ РФ [https://www.cbr.ru/dkp/cal_mp/].
10. <https://www.cba.am/ru>
11. <https://www.nbkr.kg>
12. Word Counter [<https://wordcounter.net/>].
13. Flesch Reading Ease Formula [<https://readabilityformulas.com/learn-about-the-flesch-reading-ease-formula/>].